

Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын!



№99 (9986)
16 желтоқсан
сенбі
2023 жыл

Жалағаш жаршысы




«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Сапар



Жаңа нысандар – Тәуелсіздік тартуы

Күні кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ауданға жұмыс сапарымен келді. Алдымен Мырзабай ахун ауылына аялдаған аймақ басшысы дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсіміне қатысты. Сыр өңірінде Президент бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 медицина мекемесінің нысан салу жоспарланған. Биыл оның 15-інің құрылысы аяқталды. Мырзабай ахун ауылындағы амбулатория – осы 15 медицина мекемесінің бірі. Ауыл тұрғындарын Тәуелсіздік күнімен және жаңа нысанның ашылуымен құттықтаған аймақ басшысы денсаулық сақтау саласындағы келелі істерге тоқталды.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ

Құттықтау

Құрметті жалағаштықтар,
қадірменді ағайын!

Баршаңызды еліміздің ұлық мерекесі Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! 1991 жылы 16 желтоқсанда арнайы заң қабылдап, бүкіл әлемге Қазақстанның тәуелсіз мемлекет екенін жарияладық.

Бүгінде жұмылған жұлдызға бірліктің арқасында біз елдігімізді баянды еттік, Қазақстанды әлем мойындаған мемлекетке айналдыдық. Ұлтымыздың сағын сындырып, сансыратқан кезеңдер, бодандық дәуір артқа қалып, еліміздің жаңа тарихы, мемлекеттігіміздің жаңа дәуірі басталды.

Тәуелсіздік жылдары аудан бойынша аса ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Ауданның өсіп-өркендеуі, көркеюі сіздердің көз алдарыңызда. Аудан орталығында, ауылдық елді мекендерде қаншама әлеуметтік нысандар бой көтерді. Мектептер, балабақшалар, мәдениет үйлері ашылып, халықтың игілігіне берілді. Еліміздің экономикасы өсіп, тұрақтанған сайын әлеуметтік жағдай жақсарып келеді.

Аудан үшін тәуелсіздік жылдарының басты жаңалығы кент тұрғындары көгілдір отынды пайдалана бастады. Бұның өзі – біздің тұрмысымызды жаңа деңгейге көтерген үлкен жаңалық.

Сонау 1990 жылдардың басындағы, яғни тәуелсіздіктің алғашқы күндеріндегі қиыншылықтарды ұмытпағанымыз жөн. Біздің жақсы күндеріміз алда, біз бұдан да жақсы өмір сүретін боламыз, Қазақстанның болашағы жарқын, бұған көміл сенуімізге болады.

Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық. Бүгін сіздерді мерекемен құттықтай отырып, еліміздегі тұрақты экономикалық даму, тыныштық пен бейбітшіліктің баянды болуы үшін еңбек етуге шақырамын.

Алда атқарылар іс көп. Бірлік болса, алынбайтын қамал жоқ. Алдағы уақытта да елдің кемел келешегі үшін еңбек етіп, абырой биігінен көрінулеріңізге тілектеспін. Өміріміз нұрлы, болашағымыз жарқын болсын!

Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, халқымызға береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін!

Ізгі ниетпен,
аудан әкімі Ардақ Ибраимов

Тәуелсіздік тарихы

Желтоқсан желі бізге де соққан

Мен 1986 жылдың ақпан айында аудандық партия комитеті бюросының шешімімен аудан орталығындағы №15 кәсіптік-техникалық училищенің директоры болдым. М.С.Горбачевтың қайта құру, плюрализм деген саясатының өршіп тұрған кезі. Ауыл шаруашылығына қажетті ауданда орта біліммен қоса кең көлемде машинист-тракторист мамандығы бойынша мамандар даярлайтын оқу орнының басшысы «айда арыздың» құрбаны болып, қызметтен босап, ұжымда оқу-тәрбие жұмыстары, еңбек тәртібі босаңсыған.

Ауданға жұмыс сапарымен келген сол кездегі облыстың бірінші басшысы Е.Әуелбеков оқу орнында бірнеше рет болып, училищенің жұмысын басты назарда ұстады. 1986-1987 оқу жылынан бастап училищеде орта қысқа курстарды есептегенде жыл сайын оқушылар саны 640-қа жетті. 1986 жылы 17 желтоқсанда жұмысқа ерте келіп, жылу қазандығын, техникаларды, асхананы, жатақханадағы оқушылар жағдайын көзбен көріп, бас ғимараттағы мұғалімдер бөлмесіне бардым. Келсем, ардагер ағамыз Болтай Тасыбаев, Темірхан Бекжанов, Сансызбай Досболов, Зордан Салықбаев пен оқытушылар Мәскеуден «Уақыт» бағдарламасы бойынша түнде берілген соңғы хабарды қызу әңгімелеп жатыр екен. Барлығымен амандасып, оқу ісі менгерушісінің орнына отыра бергенімде Бөкең атымды атап: – Сен түнде Мәскеуден берілген «Уақыт» бағдарламасын көрдің бе, – деді.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ



Маман мерейі



Құтқарушы Асанәлі

Жаз. Түскі сағат екілердің шамасы, Асанәлі ол кезде небәрі 7 оқитын бала еді. Көпшілік көрші үйдің айналасына жиыла қалыпты. Елдің бәрі отқа оранған үйге ентелегенмен есіктен енуге жүрексініп тұр. Самаладай ескен жел де шарпыған отқа шабыт беріп қояды. Үлкендердің көзіне жас алатындай жөні бар, себебі әлгі үйдің 7 жасар ұлы сол қалың оттың ортасында қалыпты. Күлпәти әжейдің: – Әй балам, оның не, – дегені сол еді, терезе әйнектерінің қалдықтары жерге шашырай кетті.

Енді ауладағы апалардың уайымы еселене түсті. Себебі қалың оттың арасынан баланы құтқармақ түгілі әлгі азаматтың өзін аман алып шығуы қиын еді. Не керек, арада 1 минуттай уақыт өткенде терезеден жігіт сырттағыларға қолындағы

баланы ұсынды. Байғұс ананың бар үміті бала ғой, бұған дейін от шарпыған үйге Олжас-гүл апа бірнеше рет жүгірген, жанып жатқан үйге кіріп кете ме деп, екі әйел қос қолынан мықтап ұстап алыпты. Терезеден шыққан құлынын көрген

Олжағұл ана баласын алдында тұрған жұрттан бұрын барып алды. Шынысы сынған терезенің ағаштарын аяғымен тепкілеп, әлгі азамат та артынша шықты.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ

Жаңа нысандар – тәуелсіздік тартуы

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Ұлт саулығы жақсы болса ғана қоғам орнықты дамиды» деп саладағы реформалардың басты мақсатын белгіледі.



– Мемлекет басшысы «Халықтың бағым көпшілігі үшін тұрғын үй – ең өзекті мәселе. Мемлекет шын мұқтаж адамдарға ғана жардам береді» деп атап өтті.

табысталып, 11 мыңнан астам аймақ тұрғыны қоныс тойын тойлауда. Жалағаш ауданының бюджеті 11 млрд теңге болды.

Жаңа аудандық кәсіпкерлер палатасы аясында «Қауіпсіз жаңа жыл» республикалық акциясы аясында аудан кәсіпкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті.



Желтоқсан желі бізге де соққан

Мен жылу маусымы басталғаннан түнгі 00:00-ге дейін жылу қазандығы мен жатақханадағы оқушылардың жағдайын бақылайтынмын, кейде телескоп көре алмайтынмын айттым.

комитеті Пленумының шешіміне наразылығынан туындаған, ар жағын өздерің білесіңдер. Біз коммунистік партия басқарған еліміз, партия шешімін біз жақсы түсініп, орындауға міндеттіміз.



Мен де әңгіменің төркінін түсініп, ол оқу орнына суретші болып қабылданғанын, осы ауданның байырғы тұрғыны, әкесі ауданда жауапты қызмет атқаратынын енгені отбасының азаматы екенін, әрбір Кеңес азаматы өзінің мамандығына сәйкес жұмыс істеуге құқылы екенін айтып, түсіндірумен болды.

қайта келетінін, соған дейін жұмыстан босағанын жайлы бұйрықты дайындап қоюымды айтып, кетіп қалды. Айтқан уақытында тағы келді.

Акция



Қауіпсіздік бәрінен маңызды

Кеше аудандық кәсіпкерлер палатасы аясында «Қауіпсіз жаңа жыл» республикалық акциясы аясында аудан кәсіпкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел өтті.

Жында Жаңа жыл мерекесі қарсаңында пиротехникалық бұйымдардың денсаулыққа зияны, мерекелік іс-шаралар өткізу орындарында өрт қауіпсіздігін сақтау және өрт туындаған жағдайда іс-қимыл жасау тәртібі, адамдарды эвакуациялау жұмыстары айтылды.

Table with columns: Кабылдаушының аты-жөні, Кабылдаушының лауазымы, Кабылдау күні мен уақыты, Мекеменің мекен-жайы, Байланыс телефоны, Сөзім телефоны

Ойшы Ысқақов

Облыстың Құрметті ардагері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласында ұзақ жыл басшылық қызметтер атқарған еңбек ардагері Ысқақов Ойшы Ысқақұлы дүниеден өтті.



Арайлым Ысқақова

Қамшының сабындай қайран өмір бір күні шорт сынары бәрімізге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. «Тумақ бар жерде өлмек те бар» деген. Шіркі, бәрі орнымең, бәрі ретімен келсе, өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой.



Рысбай КӘРІМОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы. Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп ұжымы

